


Бекітемін: 
МКҚК «Нұрбобек» мектепке дейінгі ұйымы
басшысы: Ж.М.Искакова.
02.09.2025г.

**«Нұрбобек» мектепке дейінгі ұйымының
жанындағы Консультациялық пункттің
2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары.**

Жабасақ ауылы.

Консультациялық пункт мақсаты:

мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Консультациялық пункт міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;
- белгілі бір себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;

КП жұмысының негізгі бағыттары:

- диагностикалық көмек көрсету
- баланы психологиялық педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- консультациялық көмек көрсету
- психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек көрсету
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, отбасында туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарды хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарымқатынастар орнату, баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен, отбасы жағдайында тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен таныстыру.

Консультациялық пункт жылдық жұмыс жоспары.

Консультация тақырыбы	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Мамандар
1.Консультациялық пункт жылдық жұмыс жоспарын бекіту. 2.Балабақшаға бармайтын мектепке дейінгі жастағы балалар туралы ақпараттар жинау және консультациялық пункт туралы ақпаратты ата-аналарға жеткізу.	Дөңгелек үстел	Қыркүйек	Басшы Әдіскер Психолог
1.Балаларды бастапқы диагностикадан өткізу.	Дөңгелек үстел	Қазан	Психолог
1.Ата-аналармен жеке кеңес өткізу.	Жеке кеңес беру	Қараша	Басшы Әдіскер Психолог
1.Ашық есік күндерін ұйымдастыру.	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Басшы Әдіскер Психолог
1.Баланың жас ерекшелігіне сай тәрбиелеу жолдары.	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Психолог
1.Баланың денсаулығын нығайту.	Консультация	Ақпан	Медбике
1.Балаларға шектен тыс қамқорлықтың кері әсері.	Консультация	Наурыз	Психолог
1.Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.	Дөңгелек үстел	Сәуір	Басшы Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
1.Жылдық жұмысқа талдау жасап, қорытынды есеп дайындау.	Дөңгелек үстел	Мамыр	Басшы Әдіскер Психолог Тәрбиешілер